

Г.И. Ишкалова\* , А.Б. Қалыш 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

\*e-mail: [ishkalova0703@mail.ru](mailto:ishkalova0703@mail.ru)

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТІРШІЛІҚҚАМЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АҢШЫЛЫҚТЫҢ РӨЛІ (XIX–XX ғ. басы)

Адамзат тіршілікқамы үшін қоршаған орта ресурстарын пайдаланады. Климаттық жағдайға бейімделе отырып, өзіндік шаруашылық түрлері мен соған тән мәдениет қалыптастырады. Қазақ халқы негізгі шаруашылығы – мал шаруашылығымен қатар, ежелден айналысқан аңшылық кәсіпті де тіршілікқамы жүйесінде орнықтырды. Табиғатпен етене өмір сүріп, құс салып, тазы жүгіртіп экожүйені тиімді пайдаланды. Мақалада XIX–XX ғ. басындағы қазақ халқының дәстүрлі тіршілікқамы жүйесіндегі аңшылықтың ролі қарастырылып, материалдық (тағам, киім-кешек, ою-өрнек, ыдыс-аяқ) және рухани мәдениетте (халықтық білім, медицина, ауыз әдебиеті) орын алуы айқындалған. Архив құжаттары, мерзімді басылымдар, орыс зерттеушілерінің еңбектері және далалық экспедиция материалдары деректік негізін құрап, методологиялық тұрғыдан шетелдік және отандық ғалымдардың теориялары мен концепциялары негізделген. Қазақ халқының дәстүрлі тіршілікқамы жүйесіндегі аңшылықтың қосалқы шаруашылықты құрау себептері айқындалып, патшалық Ресейдің жүргізген саясатының қазақ халқының тіршілікқамы жүйесіне және аңшылыққа әсері талданған. Қазақ қоғамындағы аңшылықтың өзіндік ерекшеліктермен дами келе, дәстүрлілігін жоғалта бастауы, жерін тартып алу барысында кедейленген халықтың дәстүрлі аңшылықтың мәнін жабайы аңшылыққа және саудаға айналдыруы, оның трансформацияға ұшырауы сипатталған. Қарастырған кезеңде аңшылық өнімдері халықтың тіршілікқамы жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде тұрмыс қажеттілігін өтеп отыруы айқындалған.

**Түйін сөздер:** тіршілікқамы жүйесі, аңшылық, қоршаған орта, қазақ қоғамы, көшпелі шаруашылық, өнім, материалдық және рухани мәдениет.

G. Ishkalova\* A. Kalysh

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

\*e-mail: [ishkalova0703@mail.ru](mailto:ishkalova0703@mail.ru)

### The Role of Hunting in the Subsistence System of the Kazakh (XIXth – early XX th Centuries)

Man uses the resources of the environment for life support. Adapting to climatic conditions, it forms its own types of economy and corresponding culture. The Kazakh people, along with the main economy – cattle breeding, was able to establish in the subsistence system the oldest type of craft – hunting. Thus, in harmony with nature, hunting with hunting birds and tazy (тазы) effectively used the ecosystem. This article examines the role of hunting in the traditional establish system of Kazakhs and its place in the material (clothing, food, utensils) and spiritual (folk knowledge, folk medicine, oral art) culture of the XIX- beginning XX century. The source base of the research was made up of archival documents, periodicals, works of Russian researchers and materials of field expeditions. Methodologically it is based on the theories and concepts of foreign and domestic researchers. An attempt is made to identify the role of hunting as an auxiliary economy, to analyze the impact of the colonial policy of the tsarist empire on the culture of the livelihood of the Kazakhs and on the development of hunting. The author characterizes the loss of the essence of traditional hunting, the reasons for the transformation of hunting, its transformation by impoverished people into wild hunting and a source of trade. The article defines the place of traditional hunting of the Kazakhs, which, as an integral part of the subsistence system of the people, satisfied the needs of the population in the period under review.

**Key words:** subsistence system, hunting, environment, Kazakh society, nomadic economy, products, material and spiritual culture.

Г.И. Ишкалова\*, А.Б. Қалыш

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

\*e-mail: ishkalova0703@mail.ru

### **Роль охоты в системе жизнеобеспечения казахов (XIX – нач. XX вв.)**

Человек для жизнеобеспечения использует ресурсы окружающей среды. Приспосабливаясь к климатическим условиям, формирует свои типы хозяйства и соответствующую культуру. Казахский народ наряду с основным хозяйством – скотоводством, смог утвердить в системе жизнеобеспечения древнейший вид промысла – охоту. Тем самым в гармонии с природой охотятся с ловчими птицами, тазы и используя др. Методы эффективно использовал экосистему. В данной статье рассматривается роль охоты в традиционной системе жизнеобеспечения казахов и ее место в материальной (одежда, еда, утварь) и духовной (народные знания, народная медицина, устное творчество) культуре XIX-нач. – XX века. Источниковедческую базу исследования составляет архивные документы, периодические издания, труды русских исследователей и материалы полевых экспедиций. Методологически опирается на теории и концепции зарубежных и отечественных исследователей. Предпринимается попытка выявить роль охоты как вспомогательное хозяйство, провести анализ влияния колониальной политики царской империи на культуру жизнеобеспечения казахов и на развитие охоты. Автор характеризует потери сущности традиционной охоты, причины трансформации охоты, превращение обедневшим народом ее в дикую охоту и источник торговли. В статье определено место традиционной охоты казахов, которая как неотъемлемая часть системы жизнеобеспечения народа удовлетворяла потребности населения в рассматриваемый период.

**Ключевые слова:** система жизнеобеспечения, охота, окружающая среда, казахское общество, кочевое хозяйство, продукция, материальная и духовная культура.

#### **Кіріспе**

Қоршаған орта, адамзат және тіршіліккамы мәдениеті біртұтас өзара байланысты жүйені құрайды. Социомәдени кешен осы жүйенің құрамдас бөлігі ретінде өзінің тарихи дамуында жануарлар әлемі мен өсімдік әлемін қоса алғанда нақты бір табиғи ортаға бейімделеді. Сөйтіп, адамзат ұжымы нақты табиғи орта есебінен өзіне өмір сүру жағдайын қамтамасыз етеді. Ежелден шаруашылықтың негізгі түрін құраған аңшылық кәсіп те адамның қоршаған ортаға бейімделуінің бір көрінісі деуге болады.

Кез келген халық үшін тіршіліккамы мақсатында қоршаған экожүйені пайдалану тән. Алғашында адам тығыз орналаспағандықтан, ландшафтыға бейімделіп, қоршаған орта ресурстарын есепсіз игерді. Адамзат баласының ежелден айналысып, бүгінгі күнге жеткен қызмет түрі аңшылық болып табылады. Аңшылық адамның Жер шарында үстем өкіл ретінде қалыптасуында шешуші роль ойнады. Археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған заттар да негізінен аңшылық құралдары екенін дәлелдеп отыр. Ғылымда белгілі неолиттік төңкеріс те, ең алдымен, аңшылық құралдарын қамтыды. Дәстүрлі тіршіліккамы мәдениетінде халықтың тіршілік ету жүйесінің біртұтастығы ретінде оның түрлеріне ықпал ететін компоненттер

айқындалады. Аталған компоненттер ретінде климаттық жағдайлар мен оған қатысты өндірістік қызметтер факторлары, сонымен қатар материалдық мәдениет саласы туындайды.

Қазақстан Евразия даласында мал шаруашылығының қалыптасуы мен дамуы аумағының бірі болды. Еліміздің территориясында шаруашылық және өндірістік қызметтің сан қырлы түрі қалыптасты. Кең жайылымдық жерлер, табиғи су ресурстарының жеткілікті болуы, фаунаның молдығы, ең бастысы, тұрғылықты халықтың жергілікті климаттық және ландшафтылық ерекшеліктерді, яғни, экожүйені ұтымды пайдалана отырып, өзіндік көшпелі шаруашылық тип қалыптастырды. Бұл көшпелі мал шаруашылығының орнығуына әкелді. Қазақтарда мал шаруашылығы және егіншілік негізгі шаруашылықты құраса, аңшылық қосалқы кәсіп ретінде дамыды. Аң аулауға қыран құстар салынды, тазы жүгіртілді, қақпан және тұзақ құрды. Ал, XIX ғасырдан бастап мылтықпен аң аулау кеңінен дамыды. Біз зерттеу жұмысымызда қазақ халқының тіршіліккамы мәдениетін талдай отырып, қоршаған ортаға бейімделуі мен механизмдерін сипаттауға тырысамыз. Жоғарыда атап көрсеткен компоненттерге қоныстар, өмір сүру ортасын ұйымдастыру, тағам түрлері мен киім-кешек, шаруашылық қызметінің негізгі салалары жатады. Мақаланың мақсаты –

XIX–XX ғғ. басында қазақтардың тіршіліккамы жүйесіндегі аңшылықтың ролін зерттеу.

### Материалдар мен әдістер

Мәселені қарастыру барысында архив құжаттары, орыс зерттеушілерінің еңбектері, мерзімді басылымдар мен далалық экспедиция материалдары негізге алынды. ҚР ОМА-гі қазақ даласында аңшылықты реттеу, аңшылық маусым мен алқаптарды анықтау бойынша шешімдер және бұрын жарияланбаған құжаттар ерекше қызығушылық тудырады. Аңшылықтың қазақ қоғамындағы орны орыс зерттеушілерінің еңбектерінде және мерзімді басылымдардағы жекелеген мақалаларда сипатталған. Аңшы әулеттердің ұрпақтарының берген құнды ақпараттары да деректік қорды нығайта түседі.

Зерттеу барысында қойылған міндеттерді тиімді шешу мақсатында тарихилық және объективтілік принциптер, анализ және синтез, тарихи-салыстырмалы және далалық зерттеу әдістері пайдаланылды. Қарастырылған кезеңде қазақ қоғамындағы әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктердің шаруашылыққа тигізген әсерін анықтауда тарихилық принцип көмектесті. Дәстүрлі аңшылықтың саяси-әлеуметтік және экономикалық өзгерістер әсерінен трансформацияға ұшырауын объективтілік принцип арқылы айқындалды. Тіршіліккамы жүйесінде аңшылықтың қосалқы шаруашылықты құрау мәселесін ашу тарихи-салыстырмалы әдіспен жүзеге асты. Далалық этнографиялық экспедициялардың материалдары дәстүрліліктің жалғасуын түсінуге мүмкіндік берді.

### Нәтижелер мен талдаулар

Методологиялық тұрғыдан зерттеу ғылымда қалыптасқан шетелдік және отандық ғалымдардың теориялары мен концепциялары және ғылыми еңбектеріне негізделді. Атап айтар болсақ, шетелдік ғалымдардың рационалды таңдау теориясы алынды (Ward, 1995). Аталған теория, аңшылық өнердің қосалқы шаруашылық құрау себебін айқындауға көмек берді. Яғни, қазақтың қоршаған ортада өзіне қолжетімді мүмкіндіктерді жүзеге асыруын түсіндірді.

Тіршіліккамы мәдениеті этникалық мәдениет аясынан шығады. Оның теориялық негіздемесін 1983 жылы С.А. Арутюнов, Э.С. Маркарян, Ю.И. Мкртумян алғаш рет мазмұндаған болатын (Культура жизнеобеспечения и этнос,

1983). «Тіршіліккамы мәдениеті» ұғымына кесімді түпкілікті анықтаманы 1989 жылы С.А.Арутюнов «тіршіліккамы мәдениеті – мәдениет иесінің тіршілік қызметін сақтау үшін бағытталған мәдениет бөлігі», – деп атап көрсетті (Арутюнов, 1989:201). Ғалым тіршіліккамы мәдениетін сипаттау барысында «жүйе», «модель», «түр» түсініктерін енгізді. Сонымен қатар шаруашылық-мәдени типпен байланыста тағам кешенінің қалыптасуы мен дамуы заңдылықтары айқындалған. Мәселені кеңейту тұрғысын В.И.Козлов қалыптастыруға тырысып, зерттеуші тіршіліккамын «бейімделу мен этникалық өсу үрдісін сәтті қамтамасыз ететін табиғи және әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделу және мәдениет компоненттерін дамыту арқылы жеке тұлға (индивид) және топтың өмірлік маңызды материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру процесі» ретінде анықтайды (Козлов, 1991:26). Осыдан тіршіліккамы саласына көптеген құбылыстарды енгізуге болатыны байқалады. Тіршіліккамы мәдениеті орыс этнографиясында негізделгенімен, қазақстандық ғалымдар тарапынан да қызығушылық тудырды. Отандық ғалымдар арасында Н.Әлімбаев, М.С.Мұқанов және Х.Арғынбаев қазақтардың тіршіліккамы жүйесіне қатысты зерттеулер жүргізген алғашқы ғалымдар ретінде белгілі. Қазіргі күні осы теория бойынша іргелі зерттеулер жүргізіп жүрген ғалым Н.Әлімбаев қауымды көшпелі экожүйеде тіршіліккамы механизмі ретінде қарастырып, тіршіліккамы мәдениеті аясында «қажеттілік мақсаты», «қажеттілікті қанағаттандыру тәсілдері», «қажеттіліктерді қанағаттандыру пәні мен нысаны» түсініктерін ұсынса, М.С. Мұқанов қазақтардың дәстүрлі тіршіліккамы жүйесіндегі көшпелі тұрғын үйін, ал Х.Арғынбаев қазақтардың халықтық білімінің тіршіліккамы функцияларын ашты (Алимбаев, Муканов, Арғынбаев, 1998). Алайда, қазақстандық ғалымдар, В.И.Козлов адам қажеттіліктері деген түсінікке қанағаттанарлық анықтама бере алмады деп есептейді. Н.Әлімбаевтың пікірінше, тіршіліккамы жүйесінің негізгі құрылымдық факторы бұл – қажеттілік болып табылады. Себебі, адам қажеттіліктерінің құрылымы мен сипаты арқылы ғана этностың тіршіліккамы мәдениетінің бағыттылығы айқындалады (Алимбаев, Муканов, Арғынбаев, 1998:67).

Аталған зерттеулерден кейін тіршіліккамы мәдениеті мен оның құрамдас бөліктері қызу ғылыми талқылауға түсті. А.В.Головнев (Головнев, 1995), Н.А.Томилов (Томилов, 2000),

А.Н.Ямсков (Ямсков, 2003), И.Ю.Трушкова (Трушкова, 2003), И.И.Назаров (Назаров, 2004) және т.б. зерттеушілер өз пікірлерін білдірді. Тіршілікқамы мәдениеті ғылымда талқылана бастауымен екі түрлі көзқарас тұрғысынан зерттеу байқалады. Бірі, тіршілікқамы мәдениетіне алғашқы енгізіліген құрылым негізінде болса; екіншісі, зерттеудің пәндік-нысандық саласын кеңейту арқылы.

В.И.Козлов ұстанған бағытты И.Н.Белобродова да қолдайды. Автор, тіршілікқамын «адам-табиғаттын» өзара әрекеттесуі және осы қауымдастықтың кеңістіктік-уақыттық континуумды игеруі контекстінде әлеуметтік ортаның (социум) біртұтас топтық тәжірибесі деп айқындайды. Оның пікірінше: «тіршілікқамы мәдениетін зерттеуде «әлеуметтік-территориялық жүйені» негізгі түсінік ретінде қабылдап, аймақтың социологиялық және мәдениеттанулық сипаттамасын береді», – деп есептейді (Белобродова, 2008:47).

Қазақстанның табиғи-климаттық ерекшеліктері қазақ халқының шаруашылық құрылымын анықтап берді. Ғалым Н.Е.Масанов: «Көшпелілік табиғи-жаратылыстық үрдістердің тірі тініне қоса өрілгендіктен және өмірлік қызметі жағдайында белгілі амплитудасы бар нақты кеңістіктік-уақыттық шекте болғандықтан, біздің көзқарасымыз бойынша, табиғи-жаратылыстық және әлеуметтік-экономикалық үрдістердің өзара әрекеттесуі және динамикалық теңелуі ретінде, адамның ерекше қоршаған ортаға бейімделуінің спецификалық түрі ретінде, көшпелі мал шаруашылығы және соған сәйкес өндіріс тәсілдері арқылы нақты экологиялық тауашада әлеуметтік қызмет ету тәсілі ретінде түсінуіміз қажет», – деп тұжырымдайды (Масанов, 1995:4). Сөйтіп, табиғи-географиялық және әлеуметтік-экономикалық факторлардың көшпелілер өмірінде өзара әрекеттесуінің жалпы заңдылықтары зерттелді. Зерттеуші экологиялық-табиғи және социомәдени факторлардың біртұтастығы негізінде уақытта да, кеңістікте де көшпелі өркениеттің қалыптасуын айқындап берді. Яғни, осындай қолайлы табиғи жағдайда қалыптасқан мал шаруашылығы негізгі шаруашылықты құрағанын жан-жақты дәлелді. Жалпы, Н.Е.Масанов көшпеліліктің генезисін талдай келе, жыртқыш аңдарды мекен ету аймағынан аңшылық арқылы ығыстыра отырып, экологиялық тауашаны өзі толтырып, аңшылықты қажет етпеді деген де пікір білдіреді (Масанов, 1995:37). Сонымен мал шаруа-

шылығынан кейін қазақтар үшін аңшылық қосалқы кәсіпті құрады. Алайда, аңшылық қазақтардың тіршілікқамы жүйесінің құрамдас бөлігі болды. Мұны этнограф Т.Е.Қартаеваның Сыр өңірі бойынша зерттеулерінен де байқауға болады. Автор: «Аң-құс аулаудың тәсілдері мен құрал-саймандары, ғасырлар бойы ел даланы еркін мекендеп, тұз тағыларының тіршілік тәсілдері мен өмір сүру заңдылықтарын бақылаған халық тәжірибесінен туындады», – деп тұжырымдайды (Қартаева, 2015:37). Мындаған жылдар бойы қоршаған ортаға бейімделіп, табиғатты пайдалануы жыл мезгілдеріне қарай маусымдық көшіп-қону арқылы көшпелі мал шаруашылығын қалыптастырды. Қажет азық-түлік, киім-кешекпен қамтамасыз еткен көшпелі мал шаруашылығы негізгі тіршілік көзін құрады. Сол себепті де аңшылық секілді шаруашылық қосалқы түрде қала берді. Аңшылықтың өнімдеріне аса қажеттілік болмағанмен, олар тіршілікқамы жүйесінің құрамдас бөлігін құрады. Халық қысқы мерзімде мал қыстауда кезде демалу, сергу, кейде басқа етпен қорды молайту және жас ұрпақты әскери өнерге баулу мақсатында аңға шығып, өнерді жалғастыруға тырысты. Негізгі шаруашылық түрі – дәстүрлі мал шаруашылығынан басқа егіншілік, аңшылық және балық аулау қосалқы шаруашылық түрлерін құрады. Аңшылықпен халық негізінен демалу, серуен құру, сергу, ермек және туған өлкесін тану мақсаттарында; жас ұрпақты әскери өнерге баулу үшін; кейде жыртқыш аңдардан малын қорғау; жұт немесе ашаршылық жағдайында тамақ үшін аң аулап айналысты.

Жоғарыда атап өткеніміздей, тумысынан табиғатпен етене болған қазақ халқы қоршаған өмір жайлы білімін көшпелі шаруашылық жүргізуде, материалдық және рухани мәдениетінде шебер пайдаланды. Тіршілікқамы теориясын қалыптастырушылар дәстүрлі тіршілікқамы мәдениетіне қоныс, жылжымалы тұрғын-үй, тағам, жиһаз, киім-кешек, ыдыс-аяқты енгізді. Осы тұрғыдан алғанда, аңшылық кәсіп те шаруашылықтың бір түрі ретінде аталған өнімдерді бере алды. Қазақтың дәстүрлі тіршілікқамы мәдениетінде аңшылық дәстүр материалдық мәдениетте де, рухани мәдениетте де орын алған. Мұны мына сызба арқылы көрсетеміз: Тіршілікқамы жүйесі ↔ аңшылық ↔ материалдық мәдениет (тағам; киім-кешек; ою-өрнек; ыдыс-аяқ) және рухани мәдениет (халықтық білім; халықтық медицина; уақыт өткізу мен демалу; ауыз әдебиеті).



Қазақ халқының өмірінде ұлттық тағамдарының ішінде дәстүрлі ас мәзірінде ет тағамдары ерекше орын алатыны белгілі. Міне, осы түр аңшылық кәсіп барысында толықтырылды. Бұл денсаулыққа пайдалы әрі басқаша дәмді құрады. Ауланған аң бекітілген шарттарға сәйкес болуы маңызды еді. Мұсылман дінін ұстанған халқымыз мүмкіндігінше аңды қинамай, үйретілген жануармен аулады. Жалпы, ауланған аң желінетін және желінбейтін болып бөлінсе, азық мақсатында қарапайым халық желінетін аң еті: бөкен, киік, қарақұйрық, қоян, қырғауыл және т.б. еті тағам түрінде пайдаланды. А.Тоқтабай: «Қазақ аңдардың ішінде тек шөп жейтін «адалын» ғана азыққа пайдаланған, оның ішінде аю, суыр, борсық сияқтылардың етін мүлдем жемейді», – деп жазады (Тоқтабай, 2005:116).

Киім-кешек түрінде: сырт киім: мысалы, ішік (қасқыр, түлкі, жанат, бұлғын), мәсі, жазғы аяқкиім, бөрік (құндыз, түлкі, жанат, кәмшат), тымақ тігіп, бағалы терімен шалбарды әдіптеген, бас киімге үкі таққан. Сырт киімге ауқатты ер

адамдар мен әйелдер ішік киген. Әйел адамдар киген ішіктің жағасы қайырылып тігіліп, ер адамның ішігінен сонысымен ерекшеленді. Ал, қыздарға кәмшат бөрік кигізіп, сәндеген. Сонымен қатар сәукеле секілді бас киімге аңшылықтың өнімі – үкі таққан. Қазақта «Ұлытауға шықтың ба, ұлар етін жедің бе?» деген сөз тіркесі бар. Бұл ұлар құсының қолға үйренбейтінін және қолға түсіру қиын екенін меңзейді. Екінші жағынан, ұлардың етін жеген адам ұзақ өмір сүреді деген түсінік болған.

Әлемдегі барлық халықтың өзіне тән ою-өрнектері бар. Олардың атауы мен сюжеттік маңызы күнделікті өмірдегі бағдарынан шыққан. Қазақ халқы да көшпелі өмірінде қолданған бұйымдарын барынша әшекелеген. Мал өсіру, аңшылық және көшіп-қону көріністері қазақ оюларының мазмұнының негізін құрады. Аңшылық қазақтың ою-өрнегінде: қыран құстың келбетін бейнелеп, «құстұмсық» немесе «құсмұрын», «қазмойын», «құсқанат» және «қарғатұяқ» түрінде қолданылған:

1-кесте – Құспен байланысты ою-өрнек

Оюдың атауы	Оюдың бейнесі	Мағынасы
құсмұрын немесе құстұмсық		бақыт, еркіндік, тәуелсіздікті тілеу
құсқанат		бақыт, еркіндік, тәуелсіздікті тілеу
қарғатұяқ		қыстың түсуін білдіреді

«Құстұмсық» – халқымыздың азаттық туралы түсінігін білдірген белгі. Құстың тұмсығына ұқсас қиылған оюмен әшекей бұйымдар да, үй жабдығы да безендірілген. Сонымен қатар еркіндіктің белгісі ретінде «құсқанат» оюын қанатын жайып ұшып келе жатқан құстың бейнесінде өрнектеген. Халық ауыз әдебиеті сияқты бағзы заманнан келе жатқан халықтың дүниетанымынан туған ою-өрнекті қазіргі күні сақтау қолға алынған. Тіпті кейбір дизайнерлер заманауи киім, жиһаз және т.б. пайдаланып, мүмкіндігінше жаңғыртуда. Дегенмен, болашақ ұрпақты тәрбиелеуде ою-өрнекті өрнектеп қана қоймай, оның мазмұнын жеткізу де маңызды.

Аңшылық өнімдерін халқымыз ыдыс-аяқ жасауда да шебер пайдаланған. Атап айтсақ, саба, торсық, қауға жасаған. Бұғының терісінен

жасалған торсықта қымыз, шұбат және іркіт сақтаған. Мұндай материалдан жасалған ыдыс ішіндегі сусын суықта да, ыстықта да бірқалыпты тұрып, ашымаған. Алыс сапарға шыққан жолаушы қоржынына салып немесе қанжығасына байлап алып жүре берген. Сонымен бірге, құдықтан су тарту үшін қауға жасаған. Қауғаны бұғының қуығынан дайындаған. Ол үшін бұғының ұуығын жасқсылап жуып алып, ішіне ауа үрлеп, керегеге кептіріп іліп қойған. Әбден кепкен соң қажетінен қарай жаратқан. Қауғаны шелек ретінде де, май немесе сүт құятын ыдыс ретінде де қолданған. Бұлай жасалған ыдыс мықты, жарылмайтын, қоладуға қолайлы болған.

Рухани құндылықтарымызды жасау, жинақтау және қолдануға бағытталған мәдениеттің бұл түрінде аңшылық дәстүр халықтық білім,

халықтық медицина, танымдық және ауыз әдебиеті арқылы көрініс тапты. Мысалы, халықтық білімде: аңшылар жергілікті ландшафт жайлы білімін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырды; жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиеледі; әскери өнерге баулыды, яғни қаумалап аулау және т.б. аңшылық әдістер барысында соғыс өнеріне дайындық шыңдалды, бір-бірін түсінісу жаттықтырылды; аңшылық маусымды айқындады; аңшылық этикет қалыптасты (халал, қанжығаға байлау – «Алаштың бөлінбеген еншісі» мағынасын береді). Мысалы, «қанжығаға байлау» аңшылықтағы олжа бөлісу дәстүрі. Аңшы аңды соғып алған соң, кездескен жасы үлкен кісіге олжасын сыйлайды. Н.Әлімбаев «...тек қана ғұрыптық тағам емес, күнделікті қарапайым тағамды тарату және қабылдау семиотикалық тұрғыдан айтарлықтай байқалады», – дейді (Алимбаев, Муканов, Аргынбаев, 1998:102). Зерттеуші, кез келген тамақ беру ғұрпы белгілі бір дайындық және ұйымдастырумен жүзеге асатынына назар аударады. Яғни, қазақ халқында үлкенге құрмет, қонаққа сый көрсету және т.б. ғұрыптар дәстүрлі көшпелі қоғам принциптері мен әлеуметтік қатынастар нормаларына негізделген. Аңшы күні бойына күшін сарпып, аулаған олжасын жасы үлкен кісіге беруі дала заңына бағынуы мен ұстануын білдіреді. Қазақ тәрбиесінің осы маңызды бағыты «қанжығаға байлау» ғұрпы арқылы көрінеді. Осы тұста «Алаштың бөлінбеген еншісі» тіркесінің мағынасы «қанжығаға байлаумен» қатар айтылып, «тегі бір қазақ болған соң, кімге бұйырса да бір қазақпыз» деген кеңпейілділік пен бауырмалдықтан туындайды. Жеті қазынаның бірі болып саналатын бүркіт батырлық пен батылдық, қырағылық, қайсарлық пен қайраттылықты дәріптейтін құс ретінде қабылданды. Сондықтан да сал-серілердің серігі, аңшылардың қолқанаты болды. Жаратылысынан табиғатпен етене жақын қазақ құс тәңірісі – бүркітті қолға үйрету арқылы жастардың бойында қайсарлық, сезімталдық, жүректілік, қырағылық, сабырлық қасиеттерін тәрбиеледі. Ал, жүйрік және алғыр тазы жүгірткен қазақ шапшағдық, батылдық пен ептілікке баулыған. Иттің жақсысын қадірлей білген халқымыз «Еттің бәрі қазы болмас, иттің бәрі тазы болмас» деп, ал пайдасы жоғын «Ит үреді, керуен көшеді» деп айтқан.

Уақыт өткізу, демалу, құмарлық немесе ермек аңға шыққан адамды сергітіп, табиғатпен етене болуына жағдай жасаған. «Мал

шаруашылығымен айналысқан қазақтар аң аулауға шығу арқылы шынығып, жаттығады. Паллас аушы құстар мен тазылар арқылы малына қауіп төндірген жытқыш аңдарды аулайды», – деп көрсетеді (Паллас, 2007:37). Ал, «Народы России» журналында қазақтардың құспен аулауын қайталанбас дәстүр ретінде бағаланып, жергілікті халық жоқшылық немесе мұқтаждықтан туындайтын кәсіп емес, бай қазақтардың қызықты уақыт өткізуі, ұлттық сауық құруы деп жазылады (Киргизы, 1880:165).

Қыстыгүні сонардың қай түріне болса да шыққан аңшылар табиғат аясында демалып, айналасын барлап келген. Көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан халық үшін қыстыгүні аңға бару ең тиімді уақыттың бірі саналған. Өйткені, басқа маусым малдың жанында үнемі болуды талап еткендіктен қыс мезгілі ыңғайлы болып, барынша рахаттанып уақыт өткізуге тырысқан.

Халықтық медицина кез келген халықтың тіршілікқамы жүйесінің ажырамас бөлігі. Қазақтар «тәуіп», «емші» секілді магиялық емдеушілермен қатар аулаған аңның етін, оның ішкі құрылысын, майын және терісін әртүрлі сырқаттарды емдеуге пайдаланған. Мысалы, борсықтың майымен жөтелді; аюдың етін жұмыршақ, асқазан қыжылы, ішек-қарындағы жел-құзға ем ретінде, т.с.с. емдеген. Жыртқыш құстардың ішіндегі ең күштісі, дала қыраны, аушы құс – «бүркіт киесімен емдеу» қазақ халқының медицинасында кең қолданылған. Бүркіттің қанатын, құйрығын немесе қауырсынын «тіл-көзден сақтайды», «жамандықтан қорғайды» және «денсаулыққа пайдалы» деп ырымдап тағып жүрген. Ал, шошынған адамға бүркіт көрсету немесе басы ауырған адамның басына бүркітті қондыру секілді емдер де қабылданған. Жоғарыда айтып кеткен ұлардың етін кептіріп, ата-бабамыз әртүрлі дене жарақатын алғанда емдеу үшін қолданған. Сонда жараның орны еш дақсыз жазылған.

Рухани мәдениеттің ең қомақты саласы – ауыз әдебиетінде аңшылық дәстүр барынша сипат алған. Өйткені, халық ауыз әдебиетінде қазақ халқының дүниетанымы, тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрі мазмұндалған. Аңшылық кәсіпке қатысты жәйттар тұрмыс шындығын ашып, ұрпақты ұлттық мәдениет мұрасымен сусындатады. Халқымыз тұйық, байсалды мінезді адамды «томаға тұйық» деп мінез-құлқын сипаттаған. Осындағы тіркес бүркітпен тығыз байланысты пайда болған. Кез келген

дыбысқа бүркіт алаңдамауы және түзде алып жүргенде мазасызданбауы, қимылдамауы үшін басына арнайы былғарыдан тігілген дулыға тәрізді – томағаны кигізіп қоятыны белгілі. Томағалы бүркіт көзі жабық болған соң айналасына қыбырламай, шоқымай, тыныш отырып, мінез-құлқы байсалды және бірқалыпты болады. Міне, осы тәжірибе адам мінезін сипаттау үшін қолданылады. Ал, «Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай», – деп аялауды түсіндірген. «Ат өлсе ер-тоқым үйіледі, құс өлсе тұғыр күйінеді» деген сөзбен тұғырды бос қоймаған. Ғұрыптық фольклор түрінде адам қайтыс болған кезде адам қайтыс болғанда: «Ат өледі, құс ұшады, екі қанат бір құйрық табылар, ажалы жетсе бәрі өледі», – деп басу айтқан. Белгілі бір ойды жеткізерде оның асылы мен қасиетін білдіру үшін «Ат жақсысы – бозы, ит жақсысы – тазы» немесе «Итті тепкен ырысты тебеді» деп сөз саптаған.

XIX ғасырда қазақ халқында көшпелі мал шаруашылығымен сақталды. Дегенмен, патшалық Ресейдің осы ғасырдың ортасында жүргізген отарлық саясаты қазақ даласының шаруашылық өмірінің өзгеріске ұшырауына алып келді. Хандық биліктің жойылып, әкімшілік-территориялық реформалардың жүзеге асырылуы, бекіністік линиялар мен бекіністердің салынуы ғасырлар бойы қалыптасқан көші-қон бағытын бұзды. Жергілікті халықтың жерінің тартып алынуы, шұрайлы аймақтан құнарсыз жерлерге ығыстырылуы қазақтың жағдайын нашарлатты. Кедейленген және қайыршылық жағдайға түскен қазақтар ата-бабасынан келе жатқан шаруашылық орнына басқа кәсіппен айналысуына мәжбүр болды. Бұрынғыша мал қыстауда кезде демалыс, серуен құру және жас ұрпақты әскери өнерге тәрбиелеуге бағытталған аңшылық бекзат өнер дәстүрлілігін жоя бастады. Өйткені, аңшылар бүркіт, сұңқар, лашын, ителгі және тазыны ұстау үшін жағдайлары болмады. Халық аңшылықпен күнкөріс үшін, яғни сатып, жан бағу үшін айналысты. Аңшының қыран құспен тазы ұстауы оның әлеуметтік-экономикалық жағдайына байланысты болды. Өйткені, оларды ұстау, асырау үлкен шығынды талап етті. Халық қалыптасқан нарық қажеттіліктеріне бейімделіп, табиғи байлықтарымен патшалықтың шикізат көзіне бағыт алды.

Мұны көптеген деректер де дәлелдей түседі. Мысалы, Л.Мейер: «Қазақтар үшін аң аулау рахаттану, ғанибет уақыт өткізу ретінде», – дей

келе, «қазақтардың кедей бөлігі үшін кәсіп», – деп тұжырымдай келе, әрі қарай былай деп хабарлайды: «Қазақтар жолшыбай керуендерге бағалы аңдардың терілерін өткізуіне байланысты, қанша көлемде аулап жатқанын дәл айту қиындық тудырады. 1853 жылы – 61, 481 сом, 1854 жылы – 28,289 сом...1862 жылы – 26, 459 сом көлемінде бағалы тері өткізілген. Орта есеппен жыл сайын 37,000 сом тауарды құрайды. Шекаралық бекеттерге жекелеген аңшылардың өткізуін шамалағанда, жылына 20,000 күміс ақшаға бағалы аң ауланған» (Мейер, 2007:92). Белгілі этнограф, Бөкей Ордасының тумасы Қожа Мұхаммед Салық Бабажанов Бөкей Ордасы аумағын әлемдегі ең аңшылыққа қолайсыз аймақ ретінде сипаттап, бұл жердің халқы аңшылықпен айналыспайды, бірақ малын қасқырдан қорғау мақсатында қасқырды қаумалап аулайтындығы жайлы жазады (Бабаджанов, 2007:53). Бұл мәлімет, мал шаруашылығы қолайына қарай әрекет еткенін байқатады. Я.Я.Полферов: «Көшпелі қазақ аңшылықтан ләззат алу орнына, бай олжаны ғана көздеді. Әсіресе, құсбегілік төмендеп кетті. Өйткені ол үлкен кірісті аңшылық түрі емес еді. Құсбегілік тек ауқатты қазақтардың қуанышы болып қалды. Ол ауқатты адамның байлығының өлшемі, қанағаты мен құрметіне айналды», – деп ойын білдіреді (Полферов, 1897:67).

Қазіргі күні аңшылыққа байланысты көптеген мәселелерді зерттеп жүрген ғалымдардың бірі А.Тоқтабай: «Аңшы ешқашан байымайды. Себебі, қазақ аңшылықты кәсіп емес, табиғат аясына шығып, табиғатпен тілдесіп, көңіл көтеріп, сергіп, саятшылық құру деп есептеген. Аңшылықтың кәсіпке айналуы Ресейдің қазақ жерін отарлап, бағалы аң терілері мен тағы басқа өнімдеріне тапсырыс беріп, жергілікті аңшыларды қызықтырса, екіншіден, езгіге түскен халықтың еріксізден аң аулауды кәсіпке айналдыруы еді», – деген пікірі де осы мәселені айқындай түседі (Тоқтабай, 2005:117).

### Қорытынды

Сонымен, тіршілікқамы – өмірді сақтау және бірқалыпты өтуін қамтамасыз ету. Ал, көшпелілік – тарихи қалыптасқан шаруашылық-мәдени қоғамдық жүйе. Қазақ халқы шаруашылық-мәдени типте көшпелі мал шаруашылығын қалыптастырып, аңшылықпен қосалқы кәсіп ретінде айналысты. Халық өмірді

сақтау жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында өзіндік тіршіліккамы жүйесін қалыптастырды. Жергілікті ландшафтыға бейімделіп, оны игеріп, қайталанбас дәстүрлі аңшылық өнерді дамытты. Қазақ қоғамында қалыптасқан көшпелі мал шаруашылығы аңшылықты өндіруші шаруашылық ретінде қажет етпегендіктен оны ығыстырып, босаған экологиялық тауашаны толтырып, оны түгелімен игереді. Сөйтіп, аридтік аймақта материалдық өндірістің рационалды түріне айналады. Аңшылық болса, өз кезегінде реттеуші ролін атқарып, қажеттілікке қарай кейде адамның қызығушылықтарына ықпал еткен жағдайларда кейбір жыртқыш аңдарды жою және малды қорғау мақсатындағы негізгі құрал ретінде қызмет атқарды. Сол себепті де жабайы тұяқты аңдар шөлейтті-далалық аймақтарда сақталды. Халық демалу үшін аңшылыққа шығып отырды. Аңшы аспанда қалықтап ұшып, шүйіле келіп аңға түскен қыран құсты тамашалауды ғанибет тұтып, құсбегі саяттағы жолдастарымен рахатқа бөленді. Қолға үйреткен құсы арқылы адамның бұрыннан армандаған аспанға қалықтап ұшуын көру арқылы ләззат алды.

Қорыта келсек, біріншіден, қазақ халқының негізгі шаруашылық түрі мал шаруашылығы болғандықтан және негізгі өнімді халық мал шаруашылығынан алуына байланысты аңшылық өнімге деген қажеттілік болмады, сондықтан қосалқы кәсіпті құрады; екіншіден, қазақ халқының дәстүрлі тіршіліккамы жүйесінде аңшылық өнімдері халықтың тіршіліккамы жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде тұрмыс қажеттілігін өтеп отырды; үшіншіден, Ресейдің отарлау саясатының күшеюі, жер мәселесінің шиеленісуі, халықтың кедейленуі, көршілес елдермен сауда-саттыққа қазақтардың тартылуы нәтижесінде аңшылық өнер трансформацияға ұшырап, сауда, айырбас көзіне айналуына алып келді. Ол өз кезегінде қоршаған ортаға үлкен нұқсан келтіріліп, аңның сиреп кетуіне әкелді. Қазақтың қоршаған ортада дем алып, оны қорғап, сүйіспеншілік пен демалуға бағытталған аңшылық өнерінің мағынасы жойылып, аңшылық бұрынғысынша өнер емес, негізінен пайда табу үшін сауда мақсатындағы күнкөріс көзіне айналды. Халықтың кедейленген бөлігіне тағам, жалпы табысты құрады.

#### Әдебиеттер

- Алимбай Н., Муканов М.С., Аргынбаев Х. (1998). Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Алматы: Ғылым. 234 с.
- Арутюнов С.А. (1989.) Народы и культуры. Развитие и взаимодействие. Москва: Наука. 247 с.
- Бабаджанов М.С. (2007). Этнография казахов Букеевской Орды. 2-издание, дополненное. Астана: «Алтын кітап». 223 с.
- Головнев А.В. (1995). Говорящие культуры: традиции самодийцев и угров. Екатеринбург: УрО РАН. 600 с.
- Козлов В.И. (1991). Жизнеобеспечение этноса: Содержание понятия и его экологические аспекты. // В кн. Этническая экология. Теория и практика. Москва: Наука. С. 14-43.
- Культура жизнеобеспечения и этнос. Опыт этнокультурологического исследования (на материалах армянской сельской культуры) (1983). Отв. ред. С.А.Арутюнов, Э.С.Маркарян Э.С. Ереван: Изд-во АН АрмССР. 319 с.
- Қартаева Т.Е. (2015). Сыр өңірі қазақтары. Тарихи-этнографиялық зерттеу (XIX ғасырдың екінші жартысы-XX ғасырдың басы). Алматы: Арыс. Т.2. 325 б.
- Масанов Н. Э. (1995). Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности кочевнического общества. Москва: «Горизонт». 320 с.
- Мейер Л. (2007). Казахская степь Оренбургского ведомства. 2-е издание, дополненное. Астана: «Алтын кітап». С. 92.
- Назаров И.И. (2004). Кумандинцы: традиционное хозяйство и материальная культура. Барнаул. 213 с.
- Киргизы (1880). Народы России. Этнографические очерки. Санкт-Петербург: Типография Товарищества «Общественная польза». 56 с.
- Паллас П.С. (2007). Охота. Российские академические экспедиции XVIII века об этнографии казахов. 2-е издание, дополненное. Астана: «Алтын кітап». Т. 25. 240 б.
- Полферов Я.Я. (1896). Охота в Тургайской области. Оренбург: Тургайск. Стат. ком. 137 с.
- Токтабай А. (2005). Қазақтардың аңшылыққа, құсбегілікке, балық аулауға байланысты жора-жосындары. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Алматы: Арыс. 736 б.
- Томилов Н.А. (2000). Культура и ее структурные сферы // Культурологические исследования в Сибири. № 1. С. 39-43.
- Трушкова И.Ю. (2003). Традиционная культура русского населения Вятского региона в XIX-начале XX в. (система жизнеобеспечения). Киров: Вят. гос. ун-т. 721 с.
- Ямсков А.Н. (2003). История развития концепции этноэкологии в отечественной этноэкологии и характеристики ее структурных блоков. Экологии древних и современных обществ. Тюмень. Вып. 2. С. 271-273.
- Ward H. (1995). Rational Choice Theory. Theory and Methods in Political Science. Ed. by Marsh D., Stoker G. Houndmills et al. 385 p.



## References

- Alimbay N., Mukanov M.S., Argynbayev K.H. (1998). *Traditsionnaya kul'tura zhizneobespecheniya kazakhov* [The traditional culture of life support of the Kazakhs]. Almaty: Gylym. 234 s.
- Arutyunov S.A. (1989.) *Narody i kul'tury. Razvitiye i vzaimodeystviye* [Peoples and cultures. Development and interaction]. Moskva: Nauka. 247 s.
- Babadzhanov M.S. (2007). *Etnografiya kazakhov Bukeyevskoy Ordy* [Ethnography of the Kazakhs of the Bukey Horde]. 2-izdaniye, dopolnennoye. Astana: «Altyn kitap». 223 s.
- Golovnev A.V. (1995). *Govoryashchiye kul'tury: traditsii samodiytsev i ugrov* [Speaking cultures: traditions of the Samoyeds and Ugric peoples]. Yekaterinburg: UrO RAN. 600 s.
- Kozlov V.I. (1991). *Zhizneobespecheniye etnosa: Soderzhaniye ponyatiya i yego ekologicheskiye aspekty* [Life support of the ethnos: The content of the concept and its environmental aspects] // V kn. *Etnicheskaya ekologiya. Teoriya i praktika*. Moskva: Nauka. 14-43 s.
- Kul'tura zhizneobespecheniya i etnos* [Culture of life support and ethnos]. *Opyt etnokul'turologicheskogo issledovaniya (na materialakh armyanskoy sel'skoy kul'tury)* (1983). Otv. red. S.A.Arutyunov, E.S.Markaryan E.S. Yerevan: Izd-vo AN ArmSSR. 319 s.
- Kartaeva T.E. (2015). *Sır oniri qazaqtarı. Tarihi-etnografiyalık zertteu (XIX gasırdın ekinshi jartısı-XX gasırdın bası)*. Almaty: Arıs. T.2. 325 b.
- Masanov N. E. (1995). *Kochevaya tsivilizatsiya kazakhov: osnovy zhiznedeyatel'nosti nomadnogo obshchestva* [The nomadic civilization of the Kazakhs: the foundations of the life of a nomadic society]. Moskva: «Gorizont». 320 s.
- Meyyer L. (2007). *Kazakhskaya step' Orenburgskogo vedomstva* [Kazakh steppe of the Orenburg department]. 2-ye izdaniye, dopolnennoye. Astana: «Altyn kitap». S. 92.
- Nazarov I.I. (2004). *Traditsionnoye khozyaystvo i kul'tura zhizneobespecheniya kumandintsev vo vtoroy polovine XIX-XX v.* [traditional Economy and Life Support Culture of the Kumandins in the Second Half of the 19th-20th Centuries]. Diss. ... kand.ist. nauk. Omsk, 2004.
- Kirgizy (1880). *Narody Rossii. Etnograficheskiye ocherki* [Peoples of Russia. Ethnographic essays]. Sankt-Peterburg: Tipografiya Tovarishchestva «Obshchestvennaya pol'za». 56 s.
- Pallas P.S. (2007). *Okhota. Rossiyskiye akademicheskkiye ekspeditsii XVIII veka ob etnografii kazakhov* [Hunting. Russian academic expeditions of the 18th century about the ethnography of the Kazakhs]. 2-ye izdaniye, dopolnennoye. Astana: «Altyn kitap». T. 25. 240 b.
- Polferov YA.YA. (1896). *Okhota v Turgayskoy oblasti* [Hunting in the Turgai region]. Orenburg: Turgaysk. Stat. kom. 137 s.
- Toqtabay A. (2005). *Kazaktardyn anshilikka, kusbegulukke balyk aulauga baylanysty jora-josındarı. Qazaq khalkynyn dasturlery men adet-guruptary* [Kazakh rituals related to hunting, bird-watching, fishing. Traditions and customs of the Kazakh people]. Almaty: Arıs. 736 b.
- Tomilov N.A. (2000). *Kul'tura i yeye strukturnyye sfery* // *Kul'turologicheskiye issledovaniya v Sibiri* [Culture and its structural spheres. Cultural studies in Siberia]. № 1. S. 39-43.
- Trushkova I.YU. (2003). *Traditsionnaya kul'tura russkogo naseleniya Vyatskogo regiona v XIX -nachale XX v. (sistema zhizneobespecheniya)* [Traditional culture of the Russian population of the Vyatka region in the 19th-early 20th century. (life support system)]. Kirov: Vyat. gos. un-t. 721 s.
- Yamskov A.N. (2003). *Istoriya razvitiya kontseptsii etnoekosistemy v otechestvennoy etnoekologii i kharakteristiki yeye strukturnykh blokov. Ekologii drevnikh i sovremennykh obshchestv* [The history of the development of the concept of ethnoecosystem in domestic ethnoecology and the characteristics of its structural blocks. Ecology of ancient and modern societies]. Tyumen'. Vyp. 2. S. 271-273.
- Ward H. (1995). *Rational Choice Theory. Theory and Methods in Political Science*. Ed. by Marsh D., Stoker G. Houndmills et al. 385 p.